Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# МУЗЫКА

# 3

**Жалпы орта білім беретін мектептердің 3-сыныбына арналған оқулық**

**Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі баспаға ұсынған**

**Жаңа басылым**



**Ташкент — 2022**

*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

УУК 78(075.3)
ББК 85.31я72
Н 23

**Авторлар:**

**Надим Норхужаев, Ақжол Мелдебеков**

**Пікір жазғандар:**

**А. Таджикулов** – Ташкент облысы Бостандық аудынындағы 5 - орта мектебінің музыка мәдениеті пәнінің мұғалімі.

**Г. Мансурова** – Р. Глиер атындағы Республикалық мамандандырылған музыка мектебінің хор дирижерлық бөлімінің бастығы.

**Л. Құттыбаев** – Ташкент облысы Паркент ауданындағы 3 - орта мектебінің директоры.

**Шартты белгілер:**

Музыка тыңдау

Музыкалық сауаттылық

Топ болып ән айту

Жұмыс дәптерінде орында

Тапсырма

Музықалық шығармашылық

Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары есебінен басылды

Түпнұсқа макет пен дизайн тұжырымдамасын Республикалық білім орталығы әзірлеген

ISBN 978-9943-7814-1-2

Республика білім орталығы, 2022



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



# АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты оқушы! Қолыңдағы «Музыка» кітабы көптеген басқа оқулықтар сияқты егемендігіміздің арқасында баспа бетінде жарық көріп, Тәуелсіздік игілігіне айналды.

Сенің өміріңде әрбір оқулық пен оқу әдебиеттері маңызды орын алатыны белгілі, өйткені олар білімің мен түсінігіңді дамытады, болашаққа қарай талпындырады.

Музыка адамды ғажайып ән мен күй дүниесіне жетелейді, сана – сезімінің нәзіктігін, талғамын ұштайды, сұлулық пен әсемділікті сүйе білуге баулиды.

Сен 3 – сыныпта музыкалық әуендерді зейін сала тыңдауды және әндерді мәнерлеп айту дағдыларын меңгересің, жаңа сазгерлердің шығармашылығымен танысасың, ән – күй туралы ұғымыңды байытасың.

Жыл бойы айтылатын әндер сені сүйікті Отан – анаға шын берілгендік рухында тәрбиелейді. Бақытты балалық шақ туралы тақырыптарды жырлайды. Сондықтан да әндер мен күйлердің мазмұнын тереңірек түсініп, өлеңнің сөзі мен әуен бірлігін жете ұғына біл, әсерлі де келістіріп ән салу дағдысын мұқият меңгеріп алуға әрекет жаса.

Ән мен күй көңіліңді көтеріп, жас жаныңа сүйіспеншілік пен шаттық сыйласын және оқумен еңбекте әрқашан қасыңнан табылатын жан серігің болсын.

***Авторлар***



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



# 1 ТОҚСАН

## ӘН АЙТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Ән айтқанда қолыңды төмен жіберіп, денені тік, түзу ұстай біл.
2. Ән салғанда қалыпты тыныс ал, иығыңды көтерме.
3. Ән сөзінде дауысты дыбысты созып, ал дауыссыз дыбыстарды қысқа және анық айт.
4. Дауысыңды жеңіл және ұнамды шығаруға, ал әнді мәнерлі айтуға дағдылан.
5. Әрбір әнді терең ұғынып айтуға үйрен.
6. Хор болып ән орындағанда қасыңдағылардың дауыстарына құлақ түр, өз даусыңның ерекше болып қалмауына назар аудар.
7. Әнді орындау кезінде мұғалімнің қол қимылына қарап, барлық ескертулерін мұқият орында.
8. Дауысың - сенің бақытың әрі байлығың екендігі есіңде болсын. Оны әрқашан ықтияттап, сақтай біл. Таза және қоңыраудай сыңғырлаған дауыспен айтылған жақсы ән де, әннің сөзі де адамға рақат сыйлайтынын ұмытпа.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## 1-САБАҚ

# ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІ ЖЫРЛАЙМЫЗ

Қымбатты балалар! Төменгі сыныптарда Еліміздің тәуелсіздігі мен гүлденуін дәріптейтін «Qadim Turon», «Vatanjonim, vatanim», «Aziz Bo‘ston O‘zbekiston» сияқты тамаша әндерді орындауды үйрендің. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны шуақты өлкемізді, оның сүйкімді табиғатын, мейірімді халқын, батыл жастарын мадақтайтын ән. Мұғалімнің көмегімен мәнерлі ән айтуды үйрен.

!? *Жаттығуды орында! Ән айтқан кезде сөздерді анық және таза айту маңызды.*

*Сөз бен әуенді біріктіріп, тыңдаушыға жеткізу керек. Айтылымды арттыру үшін келесі жаттығуларды орындап көр.*






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

*Сөзін жазған: Абдулла Орипов*
*Әнін жазған: Мутал (Мутаваккил) Бурханов*

Serquyosh, hur oʻlkam, elga baxt, najot,
Sen oʻzing doʻstlarga yoʻldosh, mehribon!
Yashnagay to abad ilmu fan, ijod,
Shuhrating porlasin toki bor jahon!

*Қайырмасы:*

Oltin bu vodiylar — jon Oʻzbekiston,
Ajdodlar mardona ruhi senga yor!
Ulugʻ xalq qudrati joʻsh urgan zamon,
Olamni mahliyo aylagan diyor!

Bagʻri keng oʻzbekning oʻchmas iymoni,
Erkin, yosh avlodlar senga zoʻr qanot!
Istiqlol mash’ali, tinchlik posboni,
Haqsevar, ona yurt, mangu boʻl obod!

*Қайырмасы:*

Oltin bu vodiylar — jon Oʻzbekiston,
Ajdodlar mardona ruhi senga yor!
Ulugʻ xalq qudrati joʻsh urgan zamon,
Olamni mahliyo aylagan diyor!



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# ҚАЙТАЛАУ
# ӨЛШЕУ, РЕПРИЗА, ТАКТ СЫЗЫҒЫ

Алдынғы сыныпта танысқаныңдай, әуен ырғақтарға бөлінеді яғни тактілерге. Такт – бір күшті үлестен келесі әлсіз үлеске дейінгі аралық. Тактілерді бір – бірінен бөліп тұратын тік сызықты такт сызығы деп атайды.




Тактілер екі, үш, төрт ширекке тең болған әр түрлі ұзындықтағы ноталардан құралуы мүмкін. Такт **өлшемін** көрсететін сандар кілттен кейін қойылады.




Екі сызықты такт сызығының алдындағы екі нүкте шығарманың толық немесе бір бөлігін қайталау керектігін көрсетеді. Біз мұны «Реприза» - қайтару белгісі деп те атаймыз. Ол қайталау керек болған тактілердің басында және соңында орналастырылады.



*Тәуелсіздік сөзінің мағынасын айтып бер.*
*Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік әнұранын музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.*



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# 2–3 САБАҚ

## Пауза.
## БҮТІН ПАУЗА

Әннің немесе күйдің бір жерінде дыбыстарда кідіріс қажет болса, паузалар(тыныс белгілері) пайдаланылады.

Ноталар созылымы әр түрлі болғаны сияқты паузаларда әр түрлі созылымда қолданылады.

Бүтін пауза бүтін нотаға тең болғандықтан былайша жазылады:






### МАРШ

*Н. Нархужаев*

**Көңілді**







*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ!

*Сөзін жазған: Ы. Алтынсарин*
*Әнін жазған: Л. Хамиди*

**Орташа екпінмен**




Сиса көйлек үстінде
Тоқуменен табылған...
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған...
Өнер - білім бәрі де
Оқуменен табылған.
Оқысаңыз балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Іздемей – ақ табылар.
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.



*Бүтін паузаларды нота дәптеріңе дұрыстап жаз.*



*«Кел, балалар оқылық» әнін аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.*



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



## ЖАРТЫЛЫҚ ПАУЗА

Жартылық пауза жарты нотаға тең. Жартылық пауза былай жазылады:



Төмендегі жаттығуды жартылық паузаларды сақтай отырып айтамыз:




*Бүтін паузаларды нота дәптеріңе дұрыстап жаз.*



*Төмендегі жаттығуды бірге орында. Жартылық пауза қойылған жерде дауыстың орнына қол соғамыз.*






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# СҮЙІКТІ ҰСТАЗЫМ – МЕКТЕБІМ

*Сөзін жазған: Ш. Смаханұлы*
*Әнін жазған: Ә. Байділдаев*




Қызықты каникул кезінде
Асыр сап ойнадық, дем алдық,
Сүйікті мектебім өзіңе,
Қуанып қайтадан оралдық.

Гүл тердік тоғайда, орманда,
Шіркін - ай, жайдары жаз қандай.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Төл күтіп жайлауда, қырманда
Жинастық бидайды маржандай.

Сәулесі әйнекке шағылып,
Нұр төкті класқа көкте күн.
Келдік біз оқуды сағынып,
Сүйікті ұстазым – мектебім.



?! *«Сүйікті мектебім» әнін аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.*



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## 6–7 САБАҚ

# ШИРЕК ЖӘНЕ СЕГІЗДІК ПАУЗАЛАР

**Ширек паузада** да ширек нота секілді өз созылымы мен өлшемі болады.

Ширек пауза ширек нотаға тең болғанда, былайша жазылады:








**Сегіздік пауза** сегіздік нотаға тең, ол былайша жазылады:



Төмендегі жаттығуды сегіздік паузаларды сақтай отырып айтамыз:






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# FERUZA

*Ғ. Розыбаев әні*









*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# ҚАСИЕТТІ ДОМБЫРА

*Сөзі мен әнін жазған: Б. Бейсенова*




Бабамыздың көзіндей қара домбыра,
Данамыздың сөзіндей дара домбыра.
Асқақтатып рухымды ағыл, домбыра
Әр қазақтың төрінен, табыл, домбыра



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

*Қайырмасы:*

Шанағында ойнаған,
Үніне еш тоймаған,
Қасиетті домбыра.

Күмбірлеген күйіңе,
Әрдайым мен сүйінем,
Қасиетті домбыра.

Шанағыңнан төгілген күйің, домбыра,
Арта берсін әрдайым сыйың, домбыра.
Қастерлейді өзіңді халқым, домбыра,
Тоғыз перне, қос ішек, алтын домбыра



?! *«Қасиетті домбыра» әнін аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.*



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# 8–9 САБАҚ

## 3/4 ӨЛШЕМІ




Төменгі сан қандай ұзақтықтағы ноталар екендігін білдірсе, жоғарғы сан берілген ұзақтықтағы ноталардың неше үлес екендігін білдіреді. Бұл өлшем де кілт пен кілттік белгілерінен кейін қойылады.









*Нота дәптеріңде жаттығу жаса.*





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# 4/4 ӨЛШЕМІ




Бұл өлшем де кілт пен кілттік белгілерінен кейін қойылады.



**4/4 өлшемі**







*Нота дәптерінде жаттығу жаса.*






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## ANDANTE
## «Сюрприз» симфонияның 2 - бөлімінен үзінді

*Й. Гайдн*










*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# НОТА ҮЙРЕНЕМІЗ

*Сөзін жазған: Ә. Асылбеков*
*Әнін жазған: Б. Жүсіпәлиев*




*Нота үйренеміз:*

Үйренсең нотаны
Ән де саласың
Барлығын оп-оңай
Жаттап аласын

*Қайырмасы:*

Сенде қосыл жасқанба
Әнің жетсін аспанға
Сенде қосыл жасқанба
Әнің жетсін аспанға.

Мұғалім. Күй сандықты ашайық
Оқушы, до, до, до.
Мұғалім: Жайлап әнге саламыз
Оқушы: до, до, до,
Барлығы; До, ре, ми, фа, соль, ля, си, до.
До, си, ля, соль, ми, ре, до.

Мұғалім: Шалқып шығар сонда күй
Оқушы: до, до, до.
Мұғалім: Бәрі до-дан басталар
Оқушы: до, до, до.
Мұғалім: до-ны қоштар басқалар.
Оқушы: до, до, до.

?! *«Нота үйренеміз» әнін аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.*



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE





2
ТОҚСАН

# МУЗЫКА ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

## МУЗЫКАНЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Музыка - өнердің бір түрі. Ол түрлі созылым мен биіктіктегі дыбыстардың көмегімен бейне жасайды. **Музыканың негізі – әуен, ал өлшем, әдіс, қарқын және динамикалық белгілер музыканың бейнелеу құралдары болып саналады.**

Сазды дыбыстардың бір-бірімен, өзара үндесуі **әуен** деп аталады.

Тактіде күшті және әлсіз сезімдердің бірқалыпты алмасуы **өлшем** деп аталады.

Ұзын және қысқа дыбыстардың өзара алмасып келуі әдіс деп аталады. Саздық дыбыстардың белгілі бір тәртіппен өзара үйлесуі лад деп аталады. Саздың күшті немесе әлсіз шығуын көрсететін белгілер **динамикалық белгілер** деп аталады.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## SOAT QO‘SHIG‘I

*Сөзін жазған: Р. Талиб*
*Әнін жазған: Н. Нархужаев*

**Ортыша**




Men soatman, men soat.
Chiq, chiq, chiq.
Qilgin menga itoat,
Chiq, chiq, chiq.

Men vaqtga posbonman,
Chiq, chiq, chiq.
Uyg‘onmaysan, hayronman,
Chiq, chiq, chiq.



*3/4 өлшемінде ширек паузалардың көмегімен жаттығуды орында.*






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# БАҒДАРШАМ

*Сөзін жазған: А. Табылдиев*
*Әнін жазған: М. Жаманқұлов*

**Асықпай**




Ашса кезек үш көзін
Айтты деп ұқ үш сөзін:
Тоқта, сақтан, жол ашық
Жүрме жолға таласып.
Тоқта, сақтан, жол ашық
Жүрме жолға таласып

Қызыл көзін ашқанда
Сынық сүйем баспа алға.
Сары көзін ашқанда
Қарап қалма аспанға.
Жасыл көзін ашқанда
Өте бергін жасқанба!



?! *«Бағдаршам» әнін аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.*



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



## ӘДІС

**Әдіс** – ұзын және қысқа дыбыстардың ырғақты алмасуы. Әдіс музыка дыбысымен тығыз байланысты. Біз ырғақты әдіс ретінде көрсете аламыз.

Мысалы, сағатты – жүрек соғысымен, жүгірген атпен салыстыруға болады.




Әрбір ән әлде күйдің өз әдісі бар.









*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

?! Құрметті оқушы! Өткен сабақтарда музыкалық шығарманың табиғатын нұрландыруда музыканы бейнелеу құралдары басты рөл атқаратынын білдіңдер. Композиторлар әуен немесе ән тудырғанда мәнерлеу құралдарының бірі болып табылатын әдіске (ритмге) ерекше мән береді. Тыңдап, ән салып отырған келесі пьесада жылдамдық пен әдіс өзара сабақтасып, әуеннің сипатын аша түсетінін ескер.

## МАРШ

*Д. Омонуллаева әні*

**Көңілді**






Ширек паузалар қатысқан 4/4 өлшеміндегі мысалды жаттығу дәптеріңе дұрыстап көшіріп жаз.





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

# DIYOR MADHI

*Сөзін жазған: Х. Рахмат*
*Әнін жазған: Н. Нархужаев*

**Көңілді тұрақты**




1. Ona vatan ertasi,
   Kelajakning mevasi,
   Bilim hunar egasi.
   Biz bo‘lamiz albatta,
   Niyatlar ulkan katta.

2. Orzularim uch berar,
   Diyor mehri kuch berar,
   Dilda yorug‘ tuyg‘ular,
   Yorug‘likga oshnamiz,
   Ezgu ishga tashnamiz.

3. Dovrug‘lidir Vatanim,
   Obro‘lidir Vatanim,
   Dunyodagi chamanim,
   Ko‘z qoramdak saqlayman.
   Ishonchingni oqlayman.

4. Temur bobom dilda bor,
   O‘lkam bo‘lur gul obod,
   Bayroqni tutib ozod,
   Shod boramiz ilgari,
   Mard o‘g‘lonlar singari.

*«Диёр мадхи» әнін аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.*






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# 5–6 САБАҚ

## БИ

**Би** – өнердің бір түрі. Музыканың мәнеріне, әуеніне қарай жанды болады. Би әуенін тыңдаған адам кенет қозғалады. Өйткені әуен тыңдаушыны биге шақырады.

Әр халықтың өзінің сүйікті би күйлері болады. «Әндіжан полькасы», «Ләзги» сияқты би әуендері елімізде ерекше танымал. Осы би әуенін тыңда және оған қандай қимылдар сәйкес келетінін өзің тап.





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# ҚАРА ЖОРҒА

*Қазақтың халық әні*

**Ойнақы**





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE








*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# ЗЫРЛАЙДЫ ШАНАМЫЗ

*Сөзін жазған: Қ. Ыдырысов*
*Әнін жазған: Д. Мацуцин*




Аязды келіп қыс,
Алғашқы қар ұшты.
Аппақ боп үстіміз,
Ақ қырау жабысты.
Аппақ боп үстіміз,
Ақ қырау жабысты.

Алғашқы қар,
Бетінде із қалды.
Жүйткиді ақ шанам,
Алға ұстап ызғарды.

Зырлай түс, ақ шана,
Бөгет жоқ бізге еш.
Көрсін дос, басқа да,
Шаршайтын біз емес!



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



?! *«Зырлайды шанамыз» әнін аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.*





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



# ІШЕКТІ АСПАПТАР. ЖЕТІГЕН

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МУЗЫҚАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

Қазақ халқы музыкалық аспаптарға бай. Солардың бірі – көнеден келе жатқан ***жетіген*** аспабы.



**Жетіген** – қазақ халқының көп ішекті шертпелі аспабы. Жалпы тұрқы ұзынша, жәшік тектес етіп жасалады. Бетіне жұқа тақтайдан қақпақ жабылып, үн беретін ойықтары салынады. Көнеде оның үстіне жеті ішек тартылып, тиек ретінде ішек астына жеті асық қойылған. Аспаптың құлақ күйі осы асықтарды әрлі-берлі жылжыту арқылы келтірілген. Ішек сандары жетеу болғандықтан, аспап жетіген аталған.

Қазіргі уақытта бұл аспаптың жаңартылған және жетілдірілген түрлері де бар. Аспаптың жаңартылған түрінде асық орнына тиек қойылған, ал жетілдірілген түрінде ішектің саны 22 – ге көбейген.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# ІШЕКТІ АСПАПТАР. «CHANG»
## ӨЗБЕК ХАЛҚЫНЫҢ МУЗЫҚАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

**«Chang»** – көп ішекті соқпалы музыкалық аспап. Ол таяқпен екі жолмен – ұру немесе шерту арқылы ойналады. Таяқшаның ұшында қатты дыбыс шығару үшін резеңке таспа бар. «Chang» өзбектің халық аспабы ретінде кең тараған. Оның ағаш негізі металл сымдармен қапталған. Сымдар реттеу кезінде арнайы кілт көмегімен бұралатын өткір металдарға бекітіледі.






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## QUVNOQ BOLALAR QO‘SHIG‘I

*Сөзін жазған: Х. Қаюмов*
*Әнін жазған: Ғ. Қодиров*




Qor yog‘ar,qor yog‘ar-
Oq parga o‘xshar.
Xonamiz gul ochgan
Baxorga o‘xshar.

*Қайырмасы:*

Yangi yil archasin
Bezatdik ko‘rkam.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Shoxlari tovlanar,
Chiroyli biram

Davrani keng olib,
Boshlaymiz o‘yin.
Aytamiz Yangi yil
Qo‘shig‘in – kuyin.



?! «Quvnoq bolalar qo‘shig‘i» әнін аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# НОТА БОЙЫНША ӘН АЙТ

*Келесі жаттығуды орында, алдымен ноталардың атын, содан кейін сөздерін айт.*
*Жаттығуды орындау кезінде деміңді үзбеуге тырыс.*




Бұл жаттығуды «Ля» буыны арқылы орында.



*Такт сызығын дұрыстап қой, жаттығуды нота дәптеріңе жаз.*





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## ӨЗ БІЛІМІҢДІ ТЕКСЕР

1. Ән айтқан кезде қалай тыныс аламыз?
2. Әндегі буындарды қалай айтамыз? Дауыссыз буындар туралы не деуге болады?
3. Топ болып ән айтқан кезде неге көңіл бөлуіміз керек?
4. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік әнұранының мазмұнын тыңдап, орындау жолдарын сипаттап бер.
5. Әдептілік дегеніміз не? Уақыт шкаласы туралы не деуге болады?
6.  Бұл өлшемдегі жарты ноталардың саны қанша?
7.  Бұл өлшем бойынша ширек ноталардың саны қанша?
8.  Бұл өлшемдегі нүктелі үтірлердің саны қанша?
9.  Бұл қандай белгі? Оның орнын түсіндір.
10.  Бұл қандай кейіпкер? Біз оны қашан пайдаланамыз?
11.  Бұл қандай кейіпкер? Оның ұзындығы қандай?
12.  Бұл қандай кейіпкер? Оның ұзындығы қандай?
13.  Бұл қандай кейіпкер? Оның ұзындығы қандай?
14. «Кел балалар оқылық» әнін кім жазған? Әннің мазмұнын айтып бер.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

15. «Диёр Мадхи» әнін кім жазған?.
Әннің мазмұнын айтып бер.

16. Осы тоқсанда қандай музыкалық шығармаларды тыңдадың? Қандай би әуендерін білесің?

17. Қандай музыкалық белгілерді меңгердің? Музыкада бейнелеу құралдары не үшін қажет?

18. «Бағдаршам» әнінің музыкасын жазған кім? Әннің мазмұнын айтып бер.

19. Сендерге қандай музыка ұнайды?

20. Музыканың негізі неде?

21. Музыканың бейнелеу құралдары дегенді қалай түсінесіз?

22. Әуен дегеніміз не?

23. Өлшем дегеніміз не?

24. Жылдамдық дегеніміз не?

25. Әдіс (Ритм) дегеніміз не?

26. Би дегеніміз не? Қандай билерді білесіңдер?

27. Жетіген қандай аспап. Ол қалай жасалады?

28. «Chang» қандай аспап? Ол қалай жасалады

29. ?«Quvnoq bolalar qo'shig'i» әнінің авторлары кімдер, мазмұнын айтып бер.

30. Берілген үлгіні нота атауларымен айт.





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

1–2 САБАҚ



3 ТОҚСАН

# АНСАМБЛЬ ТҮРЛЕРІ

## АНСАМБЛЬ

Екі және одан да көбірек орындаушылардан құралған ұжым **ансамбль** (бірге деген мағынаны білдіреді) деп аталады.

Орындаушылардың санына қарай ансамбльдер әр түрлі аталады. Екі орындаушы – дуэт, үш орындаушы – трио, төрт орындаушы – квартет тағы басқалар.



Дуэт



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



Трио



Квартет



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## YOSH ASKARLAR QO‘SHIG‘I

*Сөзін жазған: С. Барноев*
*Әнін жазған: С. Жалил*

Bizlar botir yosh jangchi
Sinovlarda chiniqqan.
Uchuvchimiz ham tankchi,
Mashqlarda g‘olib, chiqqan.

*Қайырмасы:*

Olg‘a – bu bizning shior,
Safda turamiz adl.
Tizilib turnaqator,
Qadam tashlaymiz dadil.

*Қайырмасы:*

Do‘stga fido jonimiz,
Ochiq dasturhonimiz,
O‘zimizday mustahkam
E’tiqod, iymonimiz

*Қайырмасы:*

Toblanamiz yozu qish,
Ko‘ribqo‘ying mehmonlar,
Har birimiz Alpomish,
Bizbo‘lajak posbonlar

*Қайырмасы.*

## ЕЛ ҚОРҒАУҒА ӘЗІРМІЗ

*Сөзін жазған: М. Әлімбаев*
*Әнін жазған: К. Қуатбаев*

***Марш қарқынында***






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Аязда да тоңбаймыз,
Аптапқа да төземіз.
Түнде де жол барлаймыз,
Суда еркін жүземіз.

*Қайырмасы:*

Бұл шақта, бұл шақта,
Кішкентаймыз қазір біз.
Кішкентай болсақ та
Ел қорғауғу әзірміз.

Біз отанды сүйеміз,
Біз отанға адалмыз.
Көк байраққа иеміз,
Қалай жасық боламыз?






*«Ел қорғауға әзірміз» әнін аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.*



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# 3–4 САБАҚ

## АСПАПТАР АНСАМБЛІ

Музыкалық шығарманы бәрі бірге қосылып, біркелкі етіп орындайтын музыканттар тобы **аспаптар ансамблі** деп аталады. Аспаптар ансамблі алуан түрлі музыкалық аспаптардан құралады. Олардың арасында домбыра, қобыз, сыбызғы, рубаб, дутар, най, ғижжак, танбур, шаңқобыз, доира секілді музыкалық аспаптар болуы мүмкін.

Кейде ансамбль біркелкі музыкалық аспаптардан да құралады. Мысалы домбырашылар ансамблі, қобызшылар ансамблі, рубабшылар ансамблі, дутаршылар ансамблі, доирашылар ансамблі тағы сол сияқтылар.





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## Усмония

*Өзбектің халық күйі*

**Қарқынды**






*Нота бойынша ән айт.*

**Көңілді**






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫН МАМА, ТУҒАН КҮНІҢМЕН

*Сөзін жазған : М. Макатаев*
*Әнін жазған: Н. Тілендиев*





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Нұрын төккен маған
Шуағымсың - сен!
Айналайын мама
Қуанышыңмен!
Шаттандырған мені,
Жұбанышым сен!
Құттықтаймын сені,
Туған күніңмен!
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля

Аялаған мені
Ән қанатыңмен
Құттықтаймын сені
Салтанатыңмен!,
Бақытты ғой заман
Қандай көңілді.
Мен тілеймін саған
Ұзақ өмірді.
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля
Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля



?! *«Құттықтаймын мама, туған күніңмен» әнін аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.*



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# 5–6 САБАҚ

## ӘНШІЛЕР АНСАМБЛІ

Бірнеше әншінің бірігіп ән орындауы **әншілер ансамблі** деп аталады.

Әншілер де музыканттар сияқты дуэт, трио, квартет болып өнер көрсетеді.



## ҮЛКЕН БҰҒЫ

*Француз халық әні*
*Аранжировка: Н. Селиверстова*

**Орташа жылдам**





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ ҰСТАЗЫМ

*Сөзін жазған: А. Шамкенов*
*Әнін жазған: Ә. Еспаев*






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



Тұлғанды арманыма ұқсатқанмын,
Үлгіңді көңіліме қыстатқанмын.
Есімде әліппені жаттатқызып,
Ең алғаш қолға қалам ұстатқаның.

*Қайырмасы.*

Ұстазым, менің ұстазым,
Өзіңмен өткен қыс-жазым.
Қалдырған ізің мәңгілік,
Жадымда тұрар жаңғырып,
Ұстазым, менің ұстазым!

Зердемді сен ашпасаң не етер едім?
Өмірден сыбағасыз өтер едім.
Ғажайып дүниенің сырын жайып,
Қияға қызықтырып жетеледің.

*Қайырмасы:*

Өзіңнен өмірге азық ала бердім,
Ұшырып мені алысқа қала бердің.
Бойымда отың кетті ұшқын атқан,
Келеді жана бергім, жана бергім!

*Қайырмасы:*

?! *«Ұстазым менің, ұстазым» әнін аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.*

*2/4 өлшеміндегі мысалдың такт сызықтарын қойып нота дәптеріңе дұрыс жаз.*





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



# ШЕРМАТ ЁРМАТОВ АТЫНДАҒЫ «БУЛБУЛЧА» БАЛАЛАР ХОРЫ МЕН БИ АНСАМБЛІ



Орта Азиядағы жалғыз болған Шермат Ёрматов атындағы «Булбулча» балалар хоры мен би ансамблі 1970 жылы Өзбекстан телерадиокомпаниясы жанынан құрылған. Ол өзбек балаларының әнін тек елімізде ғана емес Франция, Қытай, Түркия, Ресей, Болгария, Беларусь, Украина, Конго, Финляндия, Латвия, Литва, Эстония және басқа да елдерде орындаған. Сондай-ақ ұжым Өзбекстанда 100-ге жуық еңбек сіңірген әртістерді, композиторларды, «Нихол» сыйлығының лауреаттарын және түрлі сала мамандарын дайындады. Оның көркемдік жетекшісі – төменгі сыныпқа ерекше әндерімен танылған Шермат Ёрматов болады.

«Булбулча» балалар хоры мен би ансамблі теледидар арқылы композиторларымыздан туған жаңа әндерді ұдайы таныстырады.



Осы күнге дейін сен үйренген «Sog‘lom avlod qo‘shig‘i», «Nevaralar qo‘shig‘i», «Vatanjonim vatanim», «Anjir», «Alifbo bayrami», «Kuz» сияқты 1000 - ға жуық балаларға арналған әндерді орындап, халқымыздың көңілінен орын алды.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## BUGUN YANA 5 OLDIM

*Сөзін жазған: П. Мумин*
*Әнін жазған: Ш. Ерматов*

Takorladim xarflarni
Ustozim dedi «balli»
Qutlang onajon meni
Bugun yana «5» oldim»     2 рет

Sevib qoldim ilimni,
Sevdim o‘qituvchimni.
Ko‘ring kundaligimni
Bugun yana «5» oldim»     2 рет

Vaqtida dars qilgandim,
Vaqt qadrini bilgandim
Menga xavas qilmas kim,
Bugun yana «5» oldim».     2 рет

O‘sganday bo‘ldi bo‘yim,
Ex, shirin xayol o‘yim,
Tushgim keladi o‘yin...,
Bugun yana «5» oldim»     2 рет




*«Булбулча» балалар әншілер ансамблі орындауында әндер тыңда*



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# НАУРЫЗ – БІЗДІҢ ӘНІМІЗ

*Сөзін жазған: Қ. Сыдық*
*Әнін жазған: А. Жайымов*






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Наурыз келді жадыраған, жайнаған,
Салтанатты сауық – сайран айналам.
Наурыз тойда қыр мен ой да,
Қала – дала қызық думан қайнаған.

*Қайырмасы:*

Наурыз, Наурыз – сәніміз,
Наурыз – біздің әніміз.
Наурыз тойда күліп-ойнап,
Шат көңілмен ән шырқаймыз бәріміз.

Наурыз келді, шарықтайды жыр бүгін,
Қуанышпен құшақтаймыз қыр гүлін.
Берекелі мерекеде көк жүзінен
Күлімдейді нұрлы күн.



?! *«Наурыз – біздің әніміз» әнін аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.*



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



# «ТОМОША» БАЛАЛАР ӘНШІЛЕР АНСАМБЛІНІҢ ОРЫНДАУЫНДА ӘНДЕР ТЫҢДА



Жас дарындардың басын қосқан «Томоша» балалар музыкалық театр-студиясының концерттік бағдарламасын балалар мен жасөспірімдер ерекше сүйіп, тамашалайды. «Томоша» балалар музыкалық театр-студиясы 1988 жылы «Шығыс базары» атты алғашқы концерттік бағдарламасын ұсынды. Оның көркемдік жетекшісі – Нодира Құрбанова.

«Томоша» тобы халықаралық сахналарда, **«Біз азат және гүлденген, жәннаттағы Өзбекстан жеріненбіз!»** фестивалінде, әр елден келген құрбыларына ән айтып, халық салт-дәстүрлері мен мерекелерін таныстырады.

Олар Ресей, Германия, Франция, Қытай, Үндістанда өткен көптеген халықаралық балалар байқауларында бақ сынаған. «Томоша» тобы да әр жаңа жылда тұрақты өтетін «Президент шыршасының» негізгі қатысушыларының бірі. Онда олар көптеген қызықты ертегілерді сахналап, бала- ларымызға тарту етті.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# BOLARI

*Сөзін жазған: П. Момын*
*Әнін жазған: А. Мансуров*






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Bol arining hyech bekori bo‘lmaydi,
Bol arining xech be’ori bo‘lmaydi.

*Қайырмасы:*

Ishlashadi bol arining
Bolalari, xolalari
G‘arakatda bolarining
Og‘alari tog‘alari
Bol arilar vazifasin

Bajarishar, bari ishlar
Bajarishar, bari ishlar

Bol arilar sira sira erinmas,
Ish paytida xonasida ko‘rinmas.

*Қайырмасы:*

Shu sababdan bol arilar asali,
Bo‘lar ekan juda, juda mazali






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# BUVIJON

*Сөзін жазған: К. Турдиева*
*Әнін жазған: Н. Құрбанова*

**Асықпай**






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE




Nega sizni xar qachon,
buvi deymiz Buvijon
Axir buvilar bari
bo‘lishi kerak qari

*Қайырмасы:*

Doim shunday yosh bo‘ling,
Xammamizga bosh bo‘ling
Erkalaysiz bizlarni
Juda sevamiz sizni 2-раза

Dadamizga onasiz,
Eng mehribon donosiz
Bizni ko‘rsangiz qachon
Qilasiz achom-achom

*Қайырмасы.*





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

1–2 САБАҚ



4 ТОҚСАН

# БАЛАЛАР КОМПОЗИТОРЛАРЫ

## КОМПОЗИТОР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Композитор – музыкалық шығарманы авторы. Белгілі бір тақырыпты байытып, музыка тілімен суреттейді. Композиторлар көп дыбысты (полифониялық) музыка мен сахналық шығармаларды да жаратады.



## МУТАЛ (МУТАВАККИЛ) БҰРХАНОВ (1916 – 2002)

Атақты композиторымыз Мутал (Мутаваккил) Бұрханов 1916 жылы 5 мамырда Бұхара қаласында зиялылар отбасында дүниеге келген, Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының музыкасын жазған. Ол өзінің дара талантымен, жан-жақты дамыған, шырынды, тартымды туындыларымен еліміздің атын әлемге танытты.

Ол көптеген әндер мен қатар танымал фильмдерге ән жазды. Оның «Maftuningman» фильміндегі әндері: «Maftun boʻldim», «Yulduz va qizlar qoʻshigʻi», «Doʻppi tikdim».



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## DO‘PPI TIKDIM

*Сөзін жазған: Т. Тула*
*Әнін жазған: М. Бурханов*




Do‘ppi tikdim ipaklari tillodan,
Ipaklari demang, zari tillodan.
Jilo bersam gullariga, jilo bersam gullarigga,
Ko‘zing olur bezaklari tillodan,
Ko‘zing olur bezaklari tillodan.
Tillodan
Guli lola, guli lola
Ko‘zing otashiga olma uni, Lola!
Ko‘zing otashiga colma uni, Lola!
Dilu jon bilan nola qilur Lola!
Dilu jon ila kuyla, go‘zal Lola!







*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ
## (1845 – 1904)



Абай – қазақтың ұлы ақыны, сазгері, аудармашысы және композиторы. Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында дүниеге келген.

Абай сазгер ретінде қазақ музыкалық қорына теңдесі жоқ үлес қосты. Оның өлеңдерімен әндері дүние халықтары тілдеріне аударылып, кең тараған.

Абайдың «Сегіз аяқ», «Айттым сәлем, қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Бойы бұлғаң», «Өзгеге, көңілім, тоярсың», «Май түні», «Торжорға» т. б. әндері мен күйлері бар.

Ұлы композитор өз шығармаларында табиғаттың сұлулығын, адамның көңіл күйін әсерлі әуенмен бейнелеп жеткізеді. Абайдың әндерін зерттеушілер «Еуропа романстарына тең» дейді.

### КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫ

*Абайдың әні*








*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# БОСТАНДЫҒЫМ

*Сөзін жазған: З. Масатов*
*Әнін жазған: Х. Әзімбаев*

**Жалынды, жігермен**






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Алтын ұям, бесігім - Бостандығым
Ырғағыңа даусымды қосқандығым.
Аспандатып әлі де ән шырқаймын
Осы менің мәртебем асқандығым.

*Қайырмасы:*

Ах-ау, Бостандығым, бесігім,
Таң боп бүгін есігің ертелі-кеш,
Ән шырқап тербетеді бесігін,
Тербетеді бесігін.

Туған жер, айналайын аспаныңнан,
Бұлтсыз ләззаттанам асқарыңнан.
Көркіңе көз тояр ма, Бостандығым,
Табиғат өз қолынан дастан жазған.

*Қайырмасы.*

?! *«Бостандығым» әнін аспаптың сүйемелдеуі-мен мәнерлеп орында.*





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



## ИБРАГИМ (ИБРАХИМ) НҮСІПБАЕВ (1922 – 1987)



Қазақстанның мәдениет қайраткері, композитор. Қазақстан Республикасында балалар әні, балалар хоры мен ансамбльдерінің негізін қалаушылардың бірі композитор Ибрагим Нүсіпбаев шығармашылығы жас ұрпақты Отанын, туған жерін сүюге, еңбекке, білімге деген ынта – жігерге тәрбиелейді. Оның «Екеуміз әйбат баламыз», «Мектеп вальсі», «Жол жыры» сияқты көптеген әндері бар.

## КЕЛ, БАЛАЛАР, КҮЛЕЙІК

*И. Нүсіпбаев әні*






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

2. Бәрін көзбен көрейік,
Тау гүлдерін терейік.
Күле жүріп, күнгейге
Дән маржанын егейік.

*Қайырмасы:*

Ойын - біздің досымыз,
Ойын - көңіл-қошымыз.
Ракетадай зуласын
Алға тартқан көшіміз.

Өмір деген жарыста,
Шаттықтан дос, қалыспа!
Сыңғыр - сыңғыр күлкіміз
Жетіп жатсын ғарышқа!

3. *Қайырмасы:*



## МЕН ӘДЕПТІ БАЛАМЫН

*Сөзін жазған: А. Асылбеков*
*Әнін жазған: И. Нүсіпбаев*

**Орташа**






*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE




*Қайырмасы:*

Айтқан тілді аламын,
Айтқан жерге барамын,
Мен әдепті баламын.

Қарсы алдынан кесіп өтпей көлденең,
Қашанда мен үлкендерге жол берем.
Абайсызда қалса біреу сүрініп,
Сол заматта сүйеніш боп, қол берем.

*Қайырмасы.*

Тілін алып кішінің де кәрінің,
Көңілінен шығып жүрмін бәрінің.
Ата-ананың айтқан сөзін тыңдауды
Әдептілік белгісі деп таныдым.

*Қайырмасы.*

?! *«Мен әдепті баламын» әнін аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.*



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# 5–6 САБАҚ

## ЛАТИФ ХАМИДИ
## (1906 – 1983)



Латиф Абдулхайұлы Хамиди көптеген хорлық өңдеу, әндер, романстар, вальстер жазды. Солардың ішінде «Қазақ вальсі» және «Бұлбұл» шығармалары композитордың атын танымал етті. Ол сондай – ақ, патриоттық, тарихи тақырыпқа да музыка жазды. Композитор шығармашылығының қанат жаюы «Абай», «Төлеген Тоқтаров» (А. Жұбановпен бірлесіп), «Жамбыл» операларында анық байқалады. Хамиди музыкалық мәдениет тарихында қазақтың халықтық музыкасын жинаушы – этнограф және музыкалық, оқулық басылымдардың авторы ретінде қалды. Композитордың шығармашылығында балалар үшін «Туған ел», «Отан», «Шырша жыры», «Күшік пен көбелек», «Жас саяхатшылар жыры» т. б. әндері орын алған.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# ОТАН

*Л. Хамиди әні*

**Орташа**







*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# ТУҒАН ЕЛ

*Сөзін жазған: Ә. Сәрсенбаев*
*Әнін жазған: Л. Хамиди*




*Сүйікті туған ел,*
*Бауырында айдын көл,*
*Жаһанда сендей бір*
*Мақтауға тұрарлық*
*Сүйкімді барма жер?*
*Гүлденіп, көркейіп*
*Өсебер, өсебер!*

*«Туған ел» әнін аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.*





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE



# МАНСУРОВ АВАЗ МАКСУДОВИЧ



Мансуров Аваз Максудович 1957 жылы 2 қарашада Қоқан қаласында дүниеге келген. Оның балалық шағы атақты әншілер мен күйшілердің музыка мен поэзияның арасында өтті. Нәтижеде музыка мен өнерге деген қызығушылығы оны музыка мектебіне жетеледі. Аваз Мансуровтың ән жазуға деген махаббаты музыка мектебінде оқып жүрген кезден басталған. Оның алғашқы шығармашылық жұмыстары ертегі үшін жазылған «Кішкентай түлкі» және «Қорқынышты арман» музыкалық шығармалары.

Аваз Мансуров – оқушылардың сүйікті композиторларынан бірі. Оның 100-ден артық әндері түрлі-түсті мазмұнымен, сүйкімділігімен жас әншілердің жүрегін жаулаған. Композитордың «Oq terakmi, koʻk te- rak?», «Bolarilar» әндерін жақсы көретінсің. Оның «Salom quyosh», «Muzqaymoq», «Kitob, mening doʻstimsan», «Istiqlolim», «Quvnoq yomgʻir» сияқты көптеген әндері де оқушы жастарға танымал.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## BU CHAMANZOR BIZNIKI

*Сөзін жазған: Х. Қаюмов*
*Әнін жазған: А. Мансуров*

Gulbog‘larning chiroyi
Qo‘shig‘imiz, raqsimiz.
Bizlar nurli diyorning
Shodligi va naqshimiz.

*Қайырмасы:*

Bu chamanzor kimniki?
Bu chamanzor bizniki!
Bu chamanzor, bu chamanzor,
Bu chamanzor bizniki!

(gapirib) Izlaridan gul unar
Baxtli o‘g‘il-qizniki.
Kimniki? Bizniki!
Kimniki? Bizniki!
(kuylab) Bu chamanzor bizniki!

Taronalar yangrasin,
Nurga to‘lsin yer, samo.
Kuyimiz jaranglasin,
Tinchlik bo‘lsin doimo.

*Қайырмасы:*





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# MUZQAYMOQ

*Сөзін жазған: Х. Қаюмов*
*Әнін жазған: А. Мансуров*

**Орташа, ұстамды**




Қайырмасы:

Muzday muzday muzqaymoq,
Sutday oppoq soz qaymoq, 2-рет

Astagina avaylab, avaylab
Chaynamasdan ataylab, ataylab
Solganimda og‘zimga
Erib ketar bir zumda 2 рет



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

*Қайырмасы*:

Muzqaymogʻim xozir ham
Eridi-yu yoʻqoldi,
Lekin totli mazasi
Mening ogʻzimda qoldi.

*Қайырмасы*:

Muzday muzday muzqaymoq,
Sutday oppoq soz qaymoq,        2 рет





*Өлшемін анықтап жаттығу дәптеріңе жаз.*





*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## ӨЗ БІЛІМІҢДІ ТЕКСЕР

1. **Ансамбль дегеніміз не? Қандай түрлерін білесің?**
2. **Дуэт дегеніміз не? Трио, квартет ше?**
3. **«Yosh askarlar qo'shig'i» әнінің авторлары кімдер және оның мазмұны қандай?**
4. **Әншілер мен аспаптар ансамблінің айырмасын айтып бер.**
5. **Саған көбірек ән айтқан ұнай ма әлде музыка тыңдау ма?**
6. **«Ел қорғауға әзірміз» әнінің авторлары кімдер және ол туралы айтып бер?**
7. **«Құттықтаймын мама, туған күніңмен» әнінің авторлары кімдер? Аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.**
8. **«Булбулча» балалар хоры мен би ансамблі туралы не білдің?**
9. **«Ұстазым менің ұстазым» әнінің авторлары кімдер, аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.**
10. **«Томоша» балалар музыкалық театр-студиясы қашан құрылды? Бұл топ туралы не білдің?**
11. **«Bugun yana 5 oldim» әнінің авторлары кімдер, мазмұнын айтып бер.**



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

12. «Наурыз – біздің әніміз» әнінің авторлары кімдер? Аспаптың сүйемелдеуімен орында.
13. Композитор дегенді қалай Түсінесің? Төменгі сыныпта қай композиторлармен таныстың?
14. «Бостандығым» әнінің авторлары кім, мазмұнын айтып бер.
15. «Көзімнің қарасы» әнінің авторы кім, мазмұнын айтып бер.
16. Композитор Абай Құнанбаев туралы не білдің? Композитордың қандай шығармаларын зерттедің?
17. Композитор Ибрагим Нүсіпбаев туралы не білдің? Композитордың қандай шығармаларын зерттедің?
18. «Muzqaymoq» әнінің авторлары кімдер? Аспаптың сүйемелдеуімен мәнерлеп орында.
19. «Мен әдепті баламын» әнінің авторлар кімдер? Ол туралы айтып бер.
20. Композитор Латиф Хамиди туралы не білдің? Композитордың қандай шығармаларын зерттедің?
21. «Туған ел» әнінің авторлары кім?



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

# МАЗМҰНЫ

**Алғы сөз.** ........ 3

**1-ТОҚСАН**

**Ән айту ережелері.** ........ 4

**1 – сабақ.** Тәуелсіздігімізді жырлаймыз........ 5
Өзбекстан Республикасының әнұраны ........ 6
Қайталау: өлшеу, реприза, такт сызығы ........ 7

**2 – 3 сабақ.** Пауза. Бүтін пауза........ 8
«Марш» – Н. Нархужаев музыкасы ........ 8
«Кел, балалар, оқылық!» – Ы. Алтынсарин сөзі, Л. Хамиди әні.... 9

**4 – 5 сабақ.** Жартылық пауза ........ 11
«Сүйікті ұстазым» – мектебім – Ш. Смаханұлы сөзі,
Ә. Байділдаев әні ........ 12

**6 – 7 сабақ.** Ширек және сегіздік паузалар ........ 14
«Feruza» – Ғ. Розыбаев әні ........ 15
«Қасиетті домбыра» – Б. Бейсенова әні........ 16

**8 – 9 сабақ.** 3/4 өлшемі........ 18
4/4 өлшемі........ 19
«Andante» «Сюрприз» симфонияның 2 – бөлімінен
үзінді – Й. Гайдн музыкасы ........ 20
«Нота үйренеміз» – Ә. Асылбеков сөзі, Б. Жүсіпәлиев әні...... 21

**2-ТОҚСАН**

**Музыка әлеміне саяхат.** ........ 22

**1 – 2 сабақ.** Музыканың бейнелеу құралдары ........ 23
«Soat qo‘shig‘i» – Р. Толиб сөзі, Н. Нархужаев әні ........ 23
«Бағдаршам» – А. Табылдиев сөзі, М. Жаманқұлов әні .......... 24

**3 – 4 сабақ.** Әдіс........ 25
«Марш» – Д. Омонуллаева әні........ 26
«Diyor madhi» – Х. Рахмат сөзі, Н. Нархужаев әні........ 27

**5 – 6 сабақ.** Би........ 28
«Қара жорға» – Қазақ халық күйі ........ 29
«Зырлайды шанамыз» – Қ. Ыдырысов сөзі, Д. Мацуцин әні... 31

**7 – сабақ.** Ішекті аспаптар. Қазақ халқының музыкалық
аспаптары. Жетіген ........ 34
Өзбек халқының музыкалық аспаптары. «Chang»........ 34
«Quvnoq bolalar qo‘shig‘i» – Хуршид Қаюмов сөзі,
Ғафур Қодиров әні ........ 35
Өз біліміңді тексер ........ 38



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## 3-ТОҚСАН

**Ансамбль түрлері** ........ 40

**1 – 2 сабақ.** Ансамбль ........ 40
«Yosh askarlar qo‘shig‘i» – С. Барноев сөзі, С. Жалил әні ........ 42
«Ел қорғауға әзірміз» – М. Әлімбаев сөзі, К. Қуатбаев әні ........ 42

**3 – 4 сабақ.** Аспаптар ансамблі. ........ 44
«Усмония» – Өзбек халық күйі ........ 45
«Құттықтаймын мама, туған күніңмен» – М. Макатаев сөзі, Н. Тілендиев әні ........ 46

**5 - 6 сабақ.** Әншілер ансамблі. ........ 48
Үлкен бұғы ........ 48
«Ұстазым менің ұстазым» – А. Шамкенов сөзі, Ә. Еспаев әні ........ 49

**7 – 8 сабақ.** Шермат Ёрматов атындағы «Булбулча» балалар хоры мен би ансамблі ........ 51
«Bugun yana 5 oldim» – П. Мумин сөзі, Ш. Ёрматов әні ........ 52
«Наурыз – біздің әніміз» – Қ. Сыдық сөзі, А. Жайымов әні ........ 53

**9 – 10 сабақ.** «Томоша» балалар ансамблі ........ 55
«Bolari» – П. Момын сөзі, А. Мансуров әні ........ 56
«Buvijonim» – К. Турдиева сөзі, Н. Құрбанова әні ........ 58

## 4-ТОҚСАН

**Балалар композиторлары. Композиторлар тұралы түсінік.** ........ 60

**1 – 2 сабақ.** Мутал (Мутаваккил) Бұрханов ........ 60
«Do‘ppi tikdim» – Туроб Тула сөзі, Мутал Бурханов әні ........ 61
Абай Құнанбаев ........ 62
«Көзімнің қарасы» – Абай Құнанбаев әні ........ 62
«Бостандығым» – З. Масатов сөзі, Х. Әзімбаев әні ........ 63

**3 – 4 сабақ.** Ибрагим (Ибрахим) Нүсіпбаев ........ 65
«Кел, балалар, күлейік» – И. Нүсіпбаев әні ........ 65
«Мен әдепті баламын» – А. Асылбеков сөзі, И. Нүсіпбаев әні ........ 66

**5 – 6 сабақ.** Латиф Хамиди ........ 68
«Отан» – Л. Хамиди әні ........ 69
«Туған ел» – Ә. Сәрсенбаев сөзі, Л. Хамиди әні ........ 70

**7 – 8 сабақ.** Мансуров Аваз Максудович ........ 71
«Bu chamanzor bizniki» – Х. Қаюмов сөзі, А. Мансуров әні ........ 72
«Muzqaymoq» – Х. Қаюмов сөзі, А. Мансуров әні ........ 73
Өз біліміңді тексер ........ 75



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

Музыка [Матн] : 3-сыныбына арналған оқулық / Н. К. Норхужаев,
А. М. Мелдебеков. - Тошкент : Республика білім орталығы, 2022. – 80 б.

ISBN 978-9943-7814-1-2

УУК 78(075.3)

ББК 85.31я72

*O'quv nashri*

**Nadim Norxo'jayev, Aqjol Meldebekov**

# MUSIQA

*Umumiy o'rta ta'lim maktablarining*
*3-sinfi uchun darslik*
*(Qozoq tilida)*

Суретші Дилноза Мирхакимова Редактор
Гулнара Нишанова
Техникалық редактор Акмал Сулаймонов
Дизайнер Любовь Дельхман
Компьютерде беттеген Артур Нуруллаев
Корректор Назокат Утаева

Басуға 25.03.2022 жылда рұқсат етілді. Пішімі
60×84 1/8. Гарнитурасы «Arial». Кеглі 14.
Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 9,30.
Есептік баспа табағы 6,95. Таралымы 6010.
Тапсырыс № ___.



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE

Все учебники Узбекистана на сайте UZEDU.ONLINE

## Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

| № | Оқушының аты, фамилиясы | Оқу жылы | Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы | Сынып жетекшісінің қолы | Оқулықты тапсырғандағы жағдайы | Сынып жетекшісінің қолы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| 3 | | | | | | |
| 4 | | | | | | |
| 5 | | | | | | |
| 6 | | | | | | |
| 7 | | | | | | |

**Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау мөлшері негізінде толтырады.**

| | |
|---|---|
| Жаңа | Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы. |
| Жақсы | Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттеріне жазбаған және сызбаған. |
| Орташа | Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері мүжілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған. |
| Нашар | Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды. |



*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях
UZEDU.ONLINE